

«СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН – ЖАҢАШЫЛ АҚЫН»
библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2019



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН /1894-1938/

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік
университеті**

Ғылыми кітапхана

Анықтама-библиографиялық бөлім

«СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН – ЖАҢАШЫЛ АҚЫН»
библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2019

Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған библиографиялық көрсеткіш / Құраст. Таубатырова Д.А. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы. 2019. – 17 бет.

Басылымға жауапты:
кітапхана директоры

Мазылбекова И.У.

Құраст. Анықтама-библиографиялық
бөлімінің менгерушісі

Таубатырова Д.А.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ әдебиетінің негізін қалауға өзінің шын мәніндегі жаңа мазмұндық, жаңа сипатты төл шығармаларымен тікелей жол салып, жаңа бағыт, соны үлгі көрсеткен дауылпаз дарын иесі Сәкен Сейфуллиннің азаматтық, күрескерлік өмір жолы еріксіз елең еткізер деректерге толы екені белгілі.

Сәкен Сейфуллин – жан-тәні түгелдей өз халқы мен еліне арналған үлкен жүректі азамат, ірі мемлекет қайраткері.

С.Сейфуллиннің замана арман-талабын толғаған құдіретті қаламгерлігі қазақ әдебиетінің тарихында жаңа дәуір ашты.

Ұсынылып отырған көрсеткіш С.Сейфуллиннің өміріне, халқы үшін еткен еңбегіне, оның әдеби мұрасына арналып отыр.

Көрсеткіште С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жайында мәліметтер, ол туралы естеліктер мен зерттеулер ұсынылды.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

/өмірі мен өнерпаздығы туралы қысқаша мағлұмат/

Қазақ совет әдебиетінің негізін салушы, көп тілді совет әдебиеті негізін қалаушылардың бірі, қоғам және мемлекет қайраткері, революционер-ақын Сәкен Сейфуллин 1894 15 қазанда Жезқазған облысы, Ақадыр ауданы, Қарашілік қыстағында шағын шаруалы семьяда дүниеге келген.

Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде (1905–1908), қалалық үш класты училищеде (1913–1916) оқыды. 1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастырды. Омбыда қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болды.

1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берді. 1917 жылы 9 наурызда «Асығып тез аттандық» атты өлеңін жазды. Кешікпей Ақмола қаласына ауысып, «Жас қазақ» ұйымын ашты, «Тіршілік» газетін шығарысты, 3 айлық педкурста оқытушы болды.

1918 жылғы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесасының премьерасын көрсетті. 1918 жылғы 4 маусымда ақтардың көтерілісі болып, Ақмола совдепшілері тұтқындалды. Атаманның «азап вагонында» 47 күн ажалмен арпалысып, 1919 жылғы 3 сәуірде Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шықты.

1920 жылы 7 мамырда Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік

бөлімінің меңгерушісі болады. 1920 жылғы 4 қазанда Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің 1-Құрылтай съезіне делегат болып қатысып, Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық етті.

1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Халық Ағарту Комиссарының орынбасары болды. Қазақ АССР Кеңесінің 3 съезінде Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болып сайланды (1922–1925).

1925 жылы 7 сәуірде Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылым орталығының төрағасы, 12 маусымда Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының (ҚазАПП) басшысы болып тағайындалды.

1926 жылы БК(б)П Өлкелік комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, 1927 жылы Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры болып жұмыс істеді.

1927 жылы шыққан «Жыл құсы» альманахына басшылық етті, «Жаңа әдебиет» журналын ашуға (1928) атсалысты.

1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жариялана бастаған «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық шығармасын жеке кітап етіп (1927) шығарды.

1929 жылы қазақтың зиялы азаматтарына арнап ауыз әдебиеті үлгісін жинау жөнінде жазған «Ашық хатын» жариялады. Қазақтың мемлекеттік педагогика институтының доценті болды.

1932 жылы «Әдебиет майданы» журналының редакторы, 1934 жылы Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметін атқарды.

1936 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен бірінші онкүндігіне қатысты.

Шығармашылықпен белсене араласты.

1917 жылы «Жұбату» атты тұңғыш әңгімесін жазды.

1922 жылы «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағын», «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын жазды. «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929) өлең-поэмалар жинақтарын, «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи мемуарлық романын (1927), «Жер қазғандар» повесін (1927) жарыққа шығарды. 30-шы жылдары «Альбатрос» (1932), «Қызыл ат» (1934), «Социалистан» (1935) атты поэмаларын, «Айша» (1930), «Жемістер» (1935) атты повестерін жариялады. Публицистика саласына қалам тартты. Қазақстан ескі әдебиет нұсқаларын жинау, зерттеу, бастыру ісімен шұғылданды. Қазақ фольклорының тарихына арналған «Қазақ әдебиеті» (1932) кітабын жазды.

Қазақ әдебиетінің оқулықтарын жасауға қатысты. Басты шығармалары орыс тіліне аударылып, Кеңестер Одағы халықтарының бірқатар тілдерінде басылды. Қазақ жазушыларының ішінен тұңғыш рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып, шығармашылық еңбегіне 20 жыл толуы мерекеленді.

Жеке адамға табынудың қисынсыз жазасына душар болып 1937 жылы тұтқындалғандардың бірі – Сәкен Сейфуллин.

Творчестволық өмірдің өрелі биігіне шығып, өзгеге үлгі-өнеге көрсеткен, өзінің ерлік ісімен аңызға айналған азамат ақынның 1938 жылы қаза табуы қанша өкінішті болғанымен оның рухани тіршілігі халықтың кең жазира жанында сақталып, жасай береді.

Қазақстан Жазушылар одағы тандаулы деректі проза мен публицистикалық шығармаларға жыл сайын беріліп тұратын С.Сейфуллин атындағы әдеби сыйлық тағайындады (1985). Алматы, Нұр-сұлтан сияқты көптеген қалалар мен елді мекендерге, театрлар мен мектептерге, кітапханалар мен көшелерге Сәкен Сейфуллиннің аты берілген.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР

Тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған. Сәкен қазақ совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшысы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді.

Ғабит Мүсірепов

«Өлімге жан екенсің қия алмайтын,
Өлеңнің құшағына сая алмайтын.
«Қазақты көргің келсе, міне, осы деп» деп,
Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын».

Сырбай Мәуленов

Сәкенді қызылдар жағында, ал біздерді «орда»
жағында болды демесеңдер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда
ұлтшыл еді.

Әлімхан Ермеков

«Жырламасқа теңіздей,
Қуаныштың шегі жоқ.
Ардақталған өзіндей,
Қазақта ақын тегі жоқ».

Ілияс Жансүгіров

Сәкен еңбегіне сыншы да, тарихшы да емес, жай
қатардағы оқушы есебінде көз жіберсек, өзгеде жоқ екі
түрлі қасиеті басымдап айқындала шығады. Мұның
біріншісі – жалтағы жоқ шыншылдығы, екіншісі –
ақындық тәкаппарлығы.

Мұхтар Әуезов

Сендер мені осы уақытқа шейін қазақ кеңес
әдебиетінің бастаушысы деп білдіңдер. Енді шындықты

біле жүріндер, сол әдебиеттің негізін қалаушы, алғашқы туын көтеруші – Сәкен Сейфуллин. Сондықтан мен көптің бірімін, ал Сәкен – қазақ совет әдебиетінің атасы.

Сәбит Мұқанов

Есіме түскен сайын орта бойлы, толқынды қара шашты, өткір ойлы көзді, сымбатты, көрікті, түсі ақ пен қараның аралығындағы қоңырқай кісі көз алдыма келеді.

Қадала қарағанда сыртыңды түгіл, ішінді көріп тұрғандай. Ал, оған қадалған көздер, әсіресе, әйел көздері оңай айырыла алмайтын. Сырты өте сұлу, кербез, тәкаппар, іші өте қарапайым, кішіпейіл еді.

Ғабиден Мұстафин

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1958

1. Сейфуллин С. Избранные: Стихи и поэмы / С. Сейфуллин. - Алма-Ата: Казгосиздат худож.лит-ры, 1958. - 301 с.

1960

2. Сейфуллин С. Тар жол тайғак кешу / С. Сейфуллин. - Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы, 1960. - 481 бет.

1964

3. Сейфуллин С. Шығармалар: 6-том. Қазақ әдебиеті / С. Сейфуллин. - Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы, 1964. - 454 бет.

1971

4. Сейфуллин С. История казахской литературы. В 3-х т.: т.3. Казахская советская литература. - Алма-Ата: Наука, 1971. - 798 с.

1975

5. Сейфуллин С. Тернистый путь: Историко-мемуарный роман / С. Сейфуллин. - Жазушы, 1975. - 432 с.

1977

6. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу: Тарихи-мемуарлық роман / С. Сейфуллин. - төртінші басылымы.: Жазушы: Көркем әдебиет, 1977, 1960. - 392 б.; 481 б.

1986

7. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы: 1-том. Өлеңдер мен поэмалар / С. Сейфуллин. - Алматы: Жазушы, 1986. - 344 бет.

1987

8. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы: 2 том: Поэмалар / С. Сейфуллин.: Жазушы, 1987, 482 бет.

9. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы: 3-том. Әңгімелер мен повестер / С. Сейфуллин. - Алматы: Жазушы, 1987. - 472 бет.

10. Сейфуллин С. Избранное: Стихотворения: Поэмы; Повести: Пер. с каз / Предисл, Р Сейсенбаева / С. Сейфуллин. - М.: Худож.лит., 1987. - 399 с.

1988

11. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы: 4 том: Тар жол тайғақ кешу / С. Сейфуллин.: Жазушы, 1988. - 448 бет.

1994

12. Сейфуллин С. Көкшетау / С. Сейфуллин.: Жазушы, 1994. - 296 бет.

2002

13. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы: Көп томдық. – Алматы: Жазушы, 2002. – Т.1. Өлеңдер мен дастандар. – 192 б.

2003

14. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – Т.1. Тар жол, тайғақ кешу: Роман-эссе. 1927 / Құраст.: Т.Кәкішев, К.С.Ахмет, - 536 бет.

15. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы: Көп томдық. – Алматы: жазушы, 2003. – Т.2. Поэмалар мен пьесалар. – 160 бет.

2004

16. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. Т.2. Өлең-жыр / Құраст.: Т.Кәкішев, К.С.Ахмет, - 350 бет.

17. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. Т.3. Баллада, толғаулар. Дастан. Поэмалар / Құраст.: Т.Кәкішұлы, К.Ахмет, - 399 бет.

2005

18. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы: 5-том. Әңгімелер, публицистика / С. Сейфуллин. - Алматы: Қазығұрт, 2005. - 368 бет

2007

19. Үш алып / С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин.: Ана тілі, 2007. - 176 б.

2009

20. Сейфуллин С. Тар жол, тайғак кешу: Роман-эссе / С. Сейфуллин; Жобаның жетекшісі: Р.Нұрғали. - Алматы: Жазушы, 2009. - 432 бет.

2010

21. Салыков К. Үш арыс / К. Салыков // Егемен Қазақстан. - 2010. - №: 159-162. - Б. 14. - 28 сәуір.

2012

22. Сейфуллин С. Ашаршылықтан кейінгі Қазақстан немесе Левон Мирзоянның қазаққа сіңірген еңбегі / С. Сейфуллин // Алаш айнасы. - 2012. - №90. - 26 мамыр. 1 бет.

2015

23. Кәкен. А. Қазақтың Сәкені. / А. Кәкен. // Абай журналы. - 2015. - № 1. - бет 51-57

2019

24. Ахмет К. Сәкен және "Еңбекші қазақ" / К. Ахмет // Егемен Қазақстан. - 2019. - №: 203 = 21 қазан. - бет. 14.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	5
<i>СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН /өмірі мен өнерпаздығы туралы қысқаша мағлұмат/</i>	6
<i>Сәкен Сейфуллин туралы ой-пікірлер</i>	9
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i>	12